

## **2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Комплаенс қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Аталған талдау Басқарма Төрағасының 2025 жылғы 21 қазандағы №304 бұйрығы негізінде жүзеге асырылып, Компанияның ұйымдық-басқарушылық және қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі бағыттарын қамтыды.

Талдау барысында қолданыстағы бизнес-процестерге, ішкі рәсімдер мен бақылау тетіктеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасай алатын факторларды анықтау мақсатында бағалау жүргізілді. Жұмыс нәтижелері бойынша сатып алу қызметінің рәсімдеріне, баға белгілеу мәселелеріне, сондай-ақ дискрециялық өкілеттіктердің болуына және мүдделер қақтығысының ықтимал жағдайларына байланысты жекелеген әлеуетті тәуекелдер айқындалды.

Талдау қорытындылары бойынша Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі мен картасын қалыптастырып, тиісті ұсынымдар әзірледі және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ұсынылған шараларды іске асыру бизнес-процестердің ашықтығы мен есептілігін одан әрі арттыруға, ішкі бақылау тетіктерін күшейтуге, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесін жүйелі түрде дамыту мен нығайтуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты түрде ішкі талдау жүргізу сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесінің маңызды элементі болып табылады және Компанияда адалдық, жауапкершілік және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ  
Комплаенс қызметі**